

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының темір жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдаудың Уақытша ережелерін бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және Коммуникациялар Министрлігі 1995 жылғы 16 ақпандағы N 37 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 17 наурыз тіркелді. Тіркеу N 57. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының күшіне енуіне байланысты және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж. 21.09. Қазақстан Республикасының аумағында пәрменді қалыптық актілерді Заңға сәйкес келтіру туралы қаулысын орындау үшін б ұ й ы р а м ы н :

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының темір жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдаудың Уақытша ережелері бекітілсін (қоса берілді).

2. КСРО темір жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелері (N 5 Тариф басшылығы), 14, 105, 108, 157, 158 және 275 параграфтардан басқалары, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмеуші ретінде республика темір жол көлігінде пәрменді деп есептелсін.

3. Министрліктің заң актілерін дайындау, Жоғарғы Кеңеспен байланыс және заң жұмыстары басқармасы республика темір жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдаудың Уақытша ережелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен тіркесін.

4. Темір жол бастықтары темір жол кәсіпорындарындағы барлық қатысты қызметкерлерге нұсқау беруді және осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
м и н и с т р і н і ң

1995 жылғы 16 ақпандағы

N 37 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының темір жолдары
бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдаудың
Уақытша ережелері**

1. Жолаушының өзімен бірге тегін жеке орын алмай бір баланы алып жүруге құқығы бар, егер балалардың жасы:

- Қазақстан Республикасы аумағының шегінде жергілікті, республикалық, мемлекетаралық және халықаралық қатынастардағы поездармен жүру барысында 7 жасқа дейін;

- мемлекетаралық қатынаста жол жүруі барысында 5 жасқа дейін;

- халықаралық қатынаста жол жүруі барысында 4 жасқа дейін болған жағдайда;

- Қазақстан Республикасы аумағының шегінде жергілікті, республикалық, мемлекетаралық және халықаралық қатынастардағы поездармен жүруі барысында жолаушы;

- жол жүрудің толық құнының 50% төлеу арқылы 7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар үшін;

- мемлекетаралық қатынаста жол жүруі барысында 5 жастан 10 жасқа дейінгі балалар үшін балалар тарифі бойынша төлеу арқылы;

- халықаралық қатынаста жол жүруі барысында 4 жастан 12 жасқа дейінгі балалар үшін балалар билеті бойынша төлеу арқылы бала билетін сатып алуға құқығы бар.

Осы тармақтың бірінші азат жолына сәйкес жолаушы өзімен бірге тегін жол жүруге құқығы бар бір баладан артық алып жүрген жағдайда, біреуінен басқа балаларға балалар билетін сатып алуы тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1998.04.10. N 78 бұйрығымен.

2. Осы Ереженің 1 тармағының талаптарын бұзып бір ересек жолаушы балаларды ертіп жүруі барысында ересек жолаушыдан белгіленген мөлшерде айыппұл алынады.<*>

Балалармен жол жүру ережелеріне сәйкес жолаушы бұдан былайға жолға жасөспірімдер билетін алуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1998.04.10. N 78 бұйрығымен.

3. Егер бала билеті бойынша жасы:

- Қазақстан Республикасы аумағының шегінде жергілікті, республикалық, мемлекетаралық және халықаралық қатынаста жол жүруі барысында 15 жастан жоғары;

- мемлекетаралық қатынаста жол жүруі барысында 10 жастан жоғары;

- халықаралық қатынаста жол жүруі барысында 12 жастан жоғары;

- баланы ертіп жүрген жолаушыға белгіленген мөлшерде айыппұл салынады.
Билетсіз және еріп жүрушісіз жол жүрген балалар жақын жердегі ірі стансада көлік милициясының кезекшісіне тапсырылуы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1998.04.10. N 78 бұйрығымен .

4. Жеткізу мерзімі өткеннен кейін 7 күннің ішінде тағайынды пунктке жеткізілмеген тіркеудегі багаж егер тасымалдаушымен расталған болса, жоғалған болып есептеледі.

5. Тасымалдаушы багаждың жеткізілу мерзімін өткізіп алған кезде әрбір өткен тәулік үшін тасымалдау төлемінің 10 процент мөлшерінде, бірақ тасымал төлемінің 50 процент асырмай жүк алушыға айыппұл төлейді.

Тасымалдаудың кешігуіне байланысты багаж алушы мен жіберушінің шығынын темір жол көтеруге міндетті.

6. Темір жолдың салдарынан жолаушы пойызының кешіккені үшін темір жол жолаушыға жол жүру құнының 3 процент мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл сома жол жүрудің толық құнынан аспауы тиіс.

Айыппұл төлеу талап етілу тәртібі бойынша Қазақстан Республикасының жол басқармасымен жасалады.

Жолаушының сұрауы бойынша пойыздың кешіккені жөнінде билетке белгі соғылады немесе ресми құжаттар беріледі.

7. Жолаушы пойызының кешіккені үшін айыппұл төлеу туралы және осы кешігудің салдарынан зиянды өтеу жөнінде жолаушы темір жолға талап етуге қарастырылған мерзімдерде Басқарманың жолаушы қызметі орындарына талап ету мақсатымен сұрануына құқығы бар.

Жолаушының дер кезінде жеткізілмегендігі үшін айыппұл төлеу туралы өтінішінде пойыздың кідіргені туралы белгі соғылған жол құжаты қоса берілуі тиіс. Жолаушының ықыласы бойынша вокзал кезекшісімен (станса бастығы) жолаушының жол құжатында N_____ пойыз _____ сағ. _____ мин. стансаға келді деген белгі соғылады.

8. Тасымалдаудың кідіргеніне байланысты зиянды өтеу туралы талап қойылған кезде шығынның нақты мөлшерін растайтын құжаттар қоса берілуі тиіс.

9. Темір жол өтініш етілген талапты қарауға міндетті және талап алынған күннен 30 күннің ішінде өтініш етушіге қанағаттандырылғандығы немесе қарсылығы жөнінде мәлімдейді.

10. КСРО темір жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелері (N 5 Тариф басшылығы), 14, 105, 108, 157, 158 және 257 параграфтардан басқалары, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмеуші ретінде республика темір жол көлігінде пәрменді деп есептелсін.

11. Уақытша Ереженің күші Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесімен Қазақстан Республикасы темір жолдарының Кодексі қабылданғанға дейін белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК